Сертификаттау курсы бағдарламасының нысаны

Білім беру бағдарламасын әзірлеуші ұйымның атауы (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы, ұлттық және (немесе) ғылыми орталық, ғылыми-зерттеу институты немесе жоғары медициналық колледж)	«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті
Қосымша білім беру түрі (біліктілікті арттыру/сертификаттау курсы)	Сертификаттау курсы
Бағдарламаның атауы	Денсаулық сақтау менеджменті
Мамандықтың және (немесе) мамандануды атауы (Мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасына сәйкес; бейінді мамандық болмаған жағдайда — «қолданылмайды»)	Мамандықтар: Жоғары медициналық білімі бар қызметкерлер Мамандандыру: Денсаулық сақтау менеджменті
Біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасының деңгейі (базалық, орта, жоғары, мамандандырылған) – БА үшін толтырылады	-
СБШ бойынша біліктілік деңгейі (қолданылатын болса; медициналық мамандыққа байланыстырылмаған бағдарламалар үшін «қолданылмайды» деп көрсетіледі)	7
Тыңдаушының алдыңғы білім деңгейіне, мамандығына, маман сертификатының болуына, жұмыс өтіліне және (немесе) бастапқы құзыреттеріне қойылатын талаптар	«Денсаулық сақтау» және/немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыттары бойынша жоғары білім
Нысаналы топ (бағдарлама арналған тыңдаушылардың мамандығы, лауазымы және (немесе) қызмет бейіні)	Жоғары медициналық білімі бар қызметкерлер; «Денсаулық сақтау» және/немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыттары бойынша жоғары білімі бар тұлғалар
Бағдарламаның кредиттердегі (академиялық сағаттардағы) ұзақтығы	12 кредит (360 ак.сағат)
Оқыту тілі	Қазақ / орыс тілдерінде
Өткізу орны	Клиникалық базасы
Оқыту форматы (күндізгі, қашықтан/онлайн немесе аралас нысан)	Күндізгі-қашықтан оқыту
Мамандану бойынша берілетін біліктілік (сертификаттау курсы)	Денсаулық сақтау саласындағы менеджер
Оқыту аяқталғаннан кейін берілетін құжат (қосымшасы (транскрипті) бар сертификаттау курсы туралы куәлік немесе біліктілікті арттыру туралы куәлік)	Қосымшасы (транскрипті) бар сертификаттау курсы туралы куәлік
ББ нұсқасы; қолданыстағы нұсқаны бекіту күні; соңғы өзектендіру күні; қолданылу мерзімі; мәртебесі (қолданыстағы / қайта қаралуда / архивтік)	ББ СК нұсқасы – 3.0; Қолданыстағы нұсқаның бекітілген күні: 14.12.2023 жыл; Соңғы өзектендірілген күні: 10.11.2023 жыл; Қолданылу мерзімі: 14.12.2026 ж. дейін; Мәртебесі: қайта қаралуда.

Сараптама туралы мәліметтер

Сараптама жүргізген ұйымның (сарапшының) толық атауы	1) «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, Денсаулық сақтау саясаты және менеджменті кафедрасы.
	2) «Семей медицина университеті» КеАҚ, Қоғамдық денсаулық кафедрасы.
Сараптамалық қорытынды жасалған күн	1) 24.09.2026ж.
	2) 13.10.2026ж.
Сараптамалық қорытындының қолданылу мерзімі	1) 3 жылға
	2) 3 жылға

Сертификаттау курсының бағдарламасын әзірлеуге арналған нормативтік сілтемелер:

1. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және бейресми білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы мамандардың қосымша және бейресми білім беру арқылы алған оқу нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 303 бұйрығы.
2. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы.
3. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы.
4. «Денсаулық сақтау саласындағы менеджерді сертификаттаудан өткізу, денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатының қолданысын растау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-254/2020 бұйрығы.
5. «Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығы.
6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2026 жылғы 1 шілдедегі № 72 «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 46 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы.

Әзірлеушілер туралы мәліметтер:

Лауазымы	Жұмыс орны	Ғылыми дәрежесі / ғылыми атағы (бар болса)	Қолы	Т. А.Ә.
«Денсаулық сақтау менеджменті» кафедрасының профессоры	«ҚДСЖМ» ҚМУ	м.ғ.д., профессор		Ахметов Валихан Исаевич

«Денсаулық сақтау менеджменті» кафедрасының доценті	«ҚДСЖМ» ҚМУ	PhD, қауымдастырылған профессор		Бримжанова Маржан Дихановна
Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасының профессоры	«ҚДСЖМ» ҚМУ	м.ғ.д., профессор		Куракбаев Куралбай Куракбаевич
«Денсаулық сақтау менеджменті» кафедрасының меңгерушісі	«ҚДСЖМ» ҚМУ	м.ғ.д., профессор		Камалиев Максут Адильханович
Медицина факультеті Денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру кафедрасының меңгерушісі – ҚДСЖМ	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	м.ғ.д., профессор		Капанова Гульнара Жамбаевна

«ҚДСЖМ» ҚМУ-дың оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында талқыланды және келісілді

Алқалы органның атауы, төрағаның лауазымы	Қолы	Т. А.Ә.	Күні, хаттама №
«ҚДСЖМ» ҚМУ-дың оқу-әдістемелік кеңесі		Касымбекова А.Н.	27.08.2026ж. №3 хаттамасымен

«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ бейіні бойынша ЖБТ мен Комитет отырысында келісілді

ЖБТ шешімі (күні, хаттама №)	Бейін жөніндегі Комитеттің шешімі (күні, хаттама №)
«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ жанындағы қоғамдық денсаулық сақтау мамандарын және денсаулық сақтау саласының өзге де мамандарын даярлау бағдарламаларының ЖБТ 2026 жылғы 13 қазандағы № 2 хаттамасы. Шешім: 1. Әзірлеушілер енгізген толықтырулар мен өзгерістерді ескере отырып, «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінің көлемі 12 кредитті (360 академиялық сағат) құрайтын «Денсаулық сақтау менеджменті» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасының өзектендірілген редакциясы қолдау тапсын. 2. Ұйымдастырушылық-құжаттамалық сипаттағы ескертулер ескерілгеннен кейін өзектендірілген білім беру бағдарламасы белгіленген тәртіппен одан әрі қарау және бекіту үшін Қазақстан Республикасы	«Менеджмент» комитетінің 2026 жылғы 24 қыркүйектегі № 2 хаттамасы. Шешім: 1. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті әзірлеген «Денсаулық сақтау менеджменті» сертификаттау курсының қосымша білім беру бағдарламасының жобасы мақұлдансын. 2. Білім беру бағдарламасының жобасы белгіленген тәртіппен бекітуге және жоғары тұрған органдардың одан әрі қарауына ұсынылсын.

Денсаулық сақтау министрлігі РОӘК ОӘБ-нің Жоғары білім беру секциясына ұсынылсын.	

«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ отырысында бекіту

Күні, хаттама №	Бағдарламаны орналастыру
00»_____ 2026ж., хаттама № 0	ОӘБ сайтында, «Каталог» ақпараттық жүйесінде.

Сертификаттау курсы бағдарламасының паспорты

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің тұрақтылығын, тиімділігін, сапасы мен нәтижелілігін қамтамасыз етуге қабілетті, заманауи көшбасшылық, басқарушылық және цифрлық құзыреттерге ие денсаулық сақтау менеджерлерінің кәсіби корпусын қалыптастыру.

Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы:

Бағдарлама денсаулық сақтау саласындағы басқарушылық қызметті жүзеге асыруға және «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша мамандар даярлауға қажетті кәсіби білімді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаны меңгеру денсаулық сақтау ұйымдарын стратегиялық, корпоративтік, ресурстық, қаржылық, ақпараттық және операциялық басқару, негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау, адами капиталды басқару, ресурстарды тиімді пайдалану, медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолдану салаларындағы қазіргі заманғы басқарушылық құзыреттерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Көшбасшылық қасиеттерді, стратегиялық және аналитикалық ойлауды, өзгерістерді, тәуекелдерді, жобалар мен бизнес-процестерді басқару дағдыларын дамытуға, сондай-ақ байқау кеңестерімен, қызметкерлермен, серіктестермен және басқа да мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл орнату қабілетін қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Бағдарламаның мазмұны белгіленген біліктілік талаптары, қолданыстағы стандарттар және қосымша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары ескеріле отырып әзірленді.

Жоспарланған оқу нәтижелері қазіргі жағдайда денсаулық сақтау ұйымын тиімді, тұрақты әрі нәтижелі басқаруды қамтамасыз етуге қабілетті денсаулық сақтау саласындағы менеджердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламада тыңдаушыларға оқу кезеңінде де, кейінгі дербес кәсіби қызметінде де ұсынылатын негізгі және қосымша әдебиеттердің, сондай-ақ директивалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың тізбесі қамтылған.

Бағдарламаның негізгі элементтерін келісу:

№ р/с	Оқу нәтижесі	Оқыту әдісі	Бағалау әдістері және бақылау-өлшеу құралдары (БӨҚ)	Оқу нәтижесінің қорытынды бағалаудағы үлесі (%)

1.	ОН 1. Басқару модельдері мен денсаулық сақтау жүйесін талдау, цифрлық трансформация мүмкіндіктерін бағалау, жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалана отырып, басқарушылық-талдамалық материалдар дайындау.	• Дәрістер: шолу және проблемалық дәрістер. • Практикалық және семинарлық сабақтар: тыңдаушы мен оқытушы арасындағы кері байланыс: алдыңғы тақырып бойынша білімді бақылау, жаңа білімді бекіту, пікірталас өткізу, келесі сабаққа арналған тапсырманы талқылау. Міндеттер мен тәжірибелік мысалдарды топтық және жеке түрде шешу. • Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы: әдебиеттермен жұмыс істеу, интернет желісінен ақпарат іздеу, жоба дайындау.	• тестілік бақылау (computer-based testing, CBT) — аралық және қорытынды бақылаудың I кезеңі үшін; • сұрақ-жауап; • рубрика бойынша критериалды бағалау (rubric-based assessment) — аналитикалық анықтамаларды, эсселерді, рефераттар мен презентацияларды бағалау үшін; • кейс-әдіс / case-based assessment — ситуациялық басқарушылық міндеттерді шешу; • жобалық бағалау (project-based assessment) — қорытынды басқарушылық жобаны әзірлеу және қорғау.	17%

2.	ОН 2. Денсаулық сақтау ұйымына стратегиялық талдау жүргізу, мақсаттар мен KPI көрсеткіштерін тұжырымдау, стратегияны іске асыру, сондай-ақ жобаларды, үдерістерді және тәуекелдерді басқару жоспарын әзірлеу.	Дәрістер: шолу және проблемалық дәрістер. Практикалық және семинарлық сабақтар: тыңдаушы мен оқытушы арасындағы кері байланыс; алдыңғы тақырып бойынша білімді бақылау, жаңа білімді бекіту, пікірталастар өткізу, келесі сабаққа берілетін тапсырманы талқылау. Тапсырмалар мен практикалық мысалдарды топтық және жеке түрде шешу. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы: әдебиеттермен жұмыс істеу, интернет желісінен ақпарат іздеу, жоба дайындау.	Тестілік бақылау (computer-based testing, CBT) — межелік бақылау және қорытынды бақылаудың I кезеңі үшін; сұрақ-жауап; кейс әдісі / case-based assessment — ситуациялық басқарушылық міндеттерді шешу; жобалық бағалау (project-based assessment) — қорытынды басқарушылық жобаны әзірлеу және қорғау.	17%

3.	ОН 3. Кадрлық, материалдық және дәрілік ресурстармен қамтамасыз етілу деңгейін бағалау, тиімділікті арттыру, персоналды басқару және ұйымдық өзгерістерді жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.	Дәрістер: шолу және проблемалық дәрістер. Практикалық және семинарлық сабақтар: тыңдаушы мен оқытушы арасындағы кері байланыс; алдыңғы тақырып бойынша білімді бақылау, жаңа білімді бекіту, пікірталастар өткізу, келесі сабаққа арналған тапсырманы талқылау. Тапсырмалар мен практикадан алынған мысалдарды топтық және жеке түрде шешу. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы: әдебиеттермен жұмыс істеу, интернет желісінен ақпарат іздеу, жоба дайындау.	Тестілік бақылау (computer-based testing, CBT) — межелік бақылау және қорытынды бақылаудың I кезеңі үшін; сұрақ-жауап; рубрикалар бойынша критериалды бағалау (rubric-based assessment) — талдамалық анықтамаларды, эсселерді, рефераттар мен презентацияларды бағалау үшін; кейс әдісі / case-based assessment — ситуациялық басқарушылық міндеттерді шешу; жобалық бағалау (project-based assessment) — қорытынды басқарушылық жобаны әзірлеу және қорғау.	17%

4.	ОН 4. Қаржыландыру көздерін, медициналық қызметтердің шығындары мен тарифтерін талдау, экономикалық көрсеткіштерді есептеу, бюджеттеу және қаржылық жоспарлау жөнінде ұсыныстар әзірлеу.	Дәрістер: шолу және проблемалық дәрістер. Практикалық және семинарлық сабақтар: тыңдаушы мен оқытушы арасындағы кері байланыс; алдыңғы тақырып бойынша білімді бақылау, жаңа білімді бекіту, пікірталастар өткізу, келесі сабаққа арналған тапсырманы талқылау. Тапсырмалар мен практикадан алынған мысалдарды топтық және жеке түрде шешу. • Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы: әдебиеттермен жұмыс істеу, интернет желісінен ақпарат іздеу, жоба дайындау.	Тестілік бақылау (computer-based testing, CBT) — межелік бақылау және қорытынды бақылаудың I кезеңі үшін; сұрақ-жауап; рубрикалар бойынша критериалды бағалау (rubric-based assessment) — талдамалық анықтамаларды, эсселерді, рефераттар мен презентацияларды бағалау үшін; кейс әдісі / case-based assessment — ситуациялық басқарушылық міндеттерді шешу; жобалық бағалау (project-based assessment) — қорытынды басқарушылық жобаны әзірлеу және қорғау.	17%

5.	ОН 5. Медициналық қызметтер нарығын талдау, кәсіпкерлік бастама мен бизнес-жоспарды негіздеу, корпоративтік басқару жөніндегі құжаттар мен ұсыныстарды әзірлеу.	Дәрістер: шолу және проблемалық дәрістер. Практикалық және семинарлық сабақтар: тыңдаушы мен оқытушы арасындағы кері байланыс; алдыңғы тақырып бойынша білімді бақылау, жаңа білімді бекіту, пікірталастар өткізу, келесі сабаққа арналған тапсырманы талқылау. Тапсырмалар мен практикадан алынған мысалдарды топтық және жеке түрде шешу. • Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы: әдебиеттермен жұмыс істеу, интернет желісінен ақпарат іздеу, жоба дайындау.	Тестілік бақылау (computer-based testing, CBT) — межелік бақылау және қорытынды бақылаудың I кезеңі үшін; сұрақ-жауап; рубрикалар бойынша критериалды бағалау (rubric-based assessment) — талдамалық анықтамаларды, эсселерді, рефераттар мен презентацияларды бағалау үшін; кейс әдісі / case-based assessment — ситуациялық басқарушылық міндеттерді шешу; жобалық бағалау (project-based assessment) — қорытынды басқарушылық жобаны әзірлеу және қорғау.	16%

6.	ОН 6. Медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау, медициналық оқиғалар мен тәуекелдерді талдау, ішкі аудит құралдары мен жақсарту жоспарын әзірлеу.	Дәрістер: шолу және проблемалық дәрістер. Практикалық және семинарлық сабақтар: тыңдаушы мен оқытушы арасындағы кері байланыс; алдыңғы тақырып бойынша білімді бақылау, жаңа білімді бекіту, пікірталастар өткізу, келесі сабаққа арналған тапсырманы талқылау. Тапсырмалар мен практикадан алынған мысалдарды топтық және жеке түрде шешу. • Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы: әдебиеттермен жұмыс істеу, интернет желісінен ақпарат іздеу, жоба дайындау.	Тестілік бақылау (computer-based testing, CBT) — межелік бақылау және қорытынды бақылаудың I кезеңі үшін; сұрақ-жауап; рубрикалар бойынша критериалды бағалау (rubric-based assessment) — талдамалық анықтамаларды, эсселерді, рефераттар мен презентацияларды бағалау үшін; кейс әдісі / case-based assessment — ситуациялық басқарушылық міндеттерді шешу; жобалық бағалау (project-based assessment) — қорытынды басқарушылық жобаны әзірлеу және қорғау.	16%
	Барлығы:			**100%**

Сертификаттау курсы бағдарламасының іске асыру жоспары

№	Тақырыптың/бөлімнің/пәннің атауы	ОН №	Оқу қызметінің академиялық сағаттардағы көлемі					бағалау тапсырмалары / қорытынды бақылау
			дәрістер	семинарлар / практикалық	клиникалық /	оқытудың өзге түрлері*	білім алушының өзіндік жұмысы	
1.	**1-модуль. Денсаулық сақтау саласындағы заманауи менеджмент. Цифрлық трансформация.**		**6**	**12**		**24**	**18**	**2 кредит (60 сағат)**

1.1	Денсаулық сақтау саясаты: XXI ғасырда халық денсаулығын қамтамасыз етудің негізгі бағыттары. Жаһандық денсаулық сақтау және халықаралық денсаулық сақтау жүйесінің даму бағыттары.	1	1	2		4	5	Халықаралық және жаһандық денсаулық сақтауды дамытудың стратегиялық бағыттарына, сондай-ақ Қазақстанның денсаулық сақтау саясатына шолу жасау.
1.2	Денсаулық сақтау саласындағы менеджменттің заманауи тұжырымдамалары, функциялары мен құралдары. Денсаулық сақтау менеджері: құзыреттері, еңбек функциялары және біліктілік сипаттамасы.	1	1	2		4	3	Менеджменттің негізгі мектептері туралы презентация дайындау (қысқаша мазмұны және тәжірибеден мысалдар). Басқару тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып, менеджмент тұжырымдамалары мен модельдерінің кестесін жасау. Менеджменттің барлық бағыттары бойынша басқарушылық функциялар мен міндеттерді сипаттау.
1.3	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық менеджмент. Денсаулық сақтауды басқарудағы ақпараттық технологиялар.	1	1	2		4	3	Денсаулық сақтауды басқаруда қолданылатын ақпараттық технологиялардың тізбесін кесте түрінде жасау.
1.4	Денсаулық сақтау саласында жасанды интеллект технологияларын дамыту: генеративті жасанды интеллект; ChatGPT және соған ұқсас жүйелерді қолдану; талдамалық материалдар дайындау.	1	1	2		4	3	Генеративті жасанды интеллектті пайдаланып, талдамалық жазбаның, қызметтік құжаттың немесе басқарушылық есептің жобасын дайындау және алынған нәтижеге кейіннен сараптамалық тексеру жүргізу.

1.5	Денсаулық сақтау саласындағы секторараалық өзара іс-қимыл және әріптестік. Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы әріптестік бастамалар (мемлекеттік-жекешелік әріптестік, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар, медициналық ұйымдар және т.б.).	1	1	2		4	3	Денсаулық сақтау ұйымының мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, жеке сектормен және басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл моделін әзірлеу.
1.6	Денсаулық сақтау жүйелерінің модельдері: мемлекеттік және жекеменшік медицина. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС). Ерікті медициналық сақтандыру (ЕМС).	1	1	2		4	3	Әртүрлі елдердің денсаулық сақтау жүйелері модельдерінің, мемлекеттік және ақылы медицинасының сипаттамаларын салыстыратын кесте жасау.
2.	**2-модуль. Медициналық ұйымның стратегиялық дамуы.**		**6**	**12**		**24**	**18**	**2 кредит (60 сағат)**
2.1	Денсаулық сақтау ұйымындағы стратегиялық менеджмент және стратегиялық талдау. Стратегияны әзірлеу, іске асыру және мониторингтеу. Тиімділікті бағалау көрсеткіштерінің жүйесі.	2	1	2		4	3	Денсаулық сақтау саласының даму стратегиясын айқындайтын әдістерге шолу жасау. Денсаулық сақтау ұйымының сыртқы және ішкі ортасын бағалау. «Денсаулық сақтау ұйымының стратегиялық даму жоспары» жобасын және оның мониторингін әзірлеу.
2.2	Денсаулық сақтау ұйымының миссиясын, пайымын, құндылықтарын және стратегиялық мақсаттар ағашын әзірлеу. Стратегиялық позициялау құралдары (SWOT, PESTEL, BCG матрицасы, М. Портердің моделі).	2	1	2		4	3	Нақты медициналық ұйымға SWOT және PESTEL талдауын жүргізіп, стратегиялық баламаларды тұжырымдау.

2.3	Денсаулық сақтау саласындағы жобалық менеджмент: модельдері мен кезеңдері. Жобаны әзірлеу, басқару және қаржыландыру құралдары.	2	1	2		4	3	Тәжірибелік мысал негізінде жобалық менеджмент модельдері мен жоба кезеңдерінің кестесін жасау.
2.4	Жобаларды іске асыруды басқару: мониторинг, бақылау және нәтижелерді бағалау.	2	1	2		4	3	Процестің, тікелей және түпкілікті нәтижелердің индикаторларын көрсете отырып, жоба мониторингінің жоспарын әзірлеу.
2.5	Денсаулық сақтау саласындағы операциялық менеджмент және бизнес-процестерді басқару.	2	1	2		4	3	Медициналық ұйымның бір бизнес-процесін сипаттап, көрнекі сызбасын құру, тар тұстарын анықтау және оны оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды ұсыну.
2.6	Стратегиялық тәуекел-менеджмент және медициналық ұйымның орнықтылығы. Стратегияны іске асыру кезіндегі тәуекелдерді басқару.	2	1	2		4	3	Таңдалған қызмет бағыты (немесе стратегиялық жоба) бойынша медициналық ұйымның стратегиялық тәуекелдер тізілімін және тәуекелдердің жылу картасын әзірлеу; алдын алу және түзету іс-шараларының жоспарын (тәуекелдерді азайту жоспарын) дайындау.
3.	**3-модуль. Ұйымдық тиімділік және ресурстарды басқару.**		**6**	**12**		**24**	**18**	**2 кредит (60 сағат)**
3.1	Денсаулық сақтау саласындағы ресурстық менеджмент. Ресурстардың барлық түрін пайдаланудың тиімділігін жоспарлау және бағалау.	3	1	2		4	3	Денсаулық сақтау ұйымының негізгі ресурстарын талдап, тапшылықтарды, резервтерді және басқарушылық тәуекелдерді анықтау.
3.2	Үнемді өндіріс негіздері: ресурстармен қамтамасыз етілу деңгейін талдау және ресурстық қамтамасыз етудегі резервтерді анықтау құралдары мен әдістері.	3	1	2		4	3	Резервтерді іздеу мен анықтауды талдау құралдары және әдістері бойынша кесте жасау.

3.3	Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды басқару. Персоналдың құзыреттерін, тиімділігін және кәсіби дамуын басқару.	3	1	2		4	3	Денсаулық сақтау ұйымдарындағы кадрларды басқару тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілердің тізбесін жасау. Кадрлық стратегия элементтерін әзірлеу: қажеттілікті жоспарлау, іріктеу, бейімдеу, оқыту, қызметкерлерді ұстап қалу және кәсіби дамыту.
3.4	Ұйымдық мінез-құлық, көшбасшылық, команда қалыптастыру және өзгерістерді басқару. Конфликтология.	3	1	2		4	3	Денсаулық сақтау ұйымдарындағы корпоративтік мәдениет туралы тәжірибеден мысалдар келтіріп, эссе жазу; қақтығыстарды шешу және өзгерістерге қарсылықты еңсеру әдістерін, тәсілдері мен амалдарын қысқаша сипаттау.
3.5	Денсаулық сақтау саласындағы еңбекақы төлеу, ынталандыру және персонал қызметінің тиімділігін бағалау (KPI). Медицина қызметкерлерінің еңбегін нормалау.	3	1	2		4	3	Клиниканың бір бөлімшесі (хирургия бөлімшесі, МСАК терапиялық учаскесі, қабылдау бөлімі немесе параклиникалық бөлімше) үшін сараланған еңбекақы төлеу матрицасын және тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (KPI) әзірлеу.
3.6	Денсаулық сақтау ұйымындағы дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және медициналық техниканы басқару.	3	1	2		4	3	Ұйымның дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен және медициналық техникамен қамтамасыз етілуіне кешенді бағалау жүргізу; тәуекелдерді анықтап, оңтайландыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.
4.	**4-модуль. Экономика және қаржылық басқару.**		**6**	**12**		**24**	**18**	**2 кредит (60 сағат)**

4.1	Денсаулық сақтау ұйымындағы қаржылық менеджмент. Денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесі. Қазақстан Республикасындағы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС).	4	1	2		4	3	Медициналық көмекті және денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілердің тізбесін жасау.
4.2	Медициналық қызметтердің шығындарын басқару. Залалсыздық нүктесі. «Шығындар – көлем – пайда» талдауы (CVP-талдау).	4	1	2		4	3	Медициналық қызметтерге жұмсалатын шығындардың түрлері мен құрылымын зерделеу.
4.3	Медициналық көмекті төлеу және шығындарды өтеу әдістері: ТМККК және МӘМС шеңберіндегі шығындарды өтеу қағидалары. Медициналық қызметтерге ақы төлеудің ерекшеліктері: алғашқы медициналық-санитариялық көмек (МСАК), консультациялық-диагностикалық көмек (КДК), стационарлық медициналық көмек, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек.	4	1	2		4	3	Сақтандыру медицинасының әртүрлі модельдеріндегі шығындарды өтеу түрлерін салыстыратын кесте жасау.
4.4	Баға белгілеу және тарифтік саясат. Медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістері.	4	1	2		4	3	Медициналық қызмет тарифінің құрылымын есептеу және/немесе талдау, оның экономикалық негізділігіне әсер ететін факторларды анықтау.
4.5	Қаржылық жоспарлау және бюджеттеу. Ұйымның қаржылық қызметін талдау.	4	1	2		4	3	Денсаулық сақтау ұйымының қаржылық қызметіне талдау жүргізу.

4.6	Денсаулық сақтау саласындағы материалдық ресурстарды есепке алу және жоспарлау. Бухгалтерлік есеп.	4	1	2		4	3	«Медициналық ұйымдағы ресурстарды басқару» тақырыбында презентация дайындау.
5.	**5-модуль. Кәсіпкерлік. Маркетинг және корпоративтік басқару.**		**6**	**12**		**24**	**18**	**2 кредит (60 сағат)**
5.1	Денсаулық сақтау саласындағы кәсіпкерлік. Денсаулық сақтау саласындағы кәсіпкерлікті құқықтық қамтамасыз ету.	5	1	2		4	3	Медициналық ұйымды дамытуға арналған кәсіпкерлік бастаманы немесе жобаны негіздеу.
5.2	Медициналық қызметтер нарығы және бәсекелестік орта. Нарықтың түрлері мен нысандары. Медициналық қызметтер нарығының ерекшеліктері.	5	1	2		4	3	Таңдалған бағыт бойынша медициналық қызметтер нарығына талдау жүргізу.
5.3	Маркетингтік менеджмент және медициналық қызметтерді ілгерілету.	5	1	2		4	3	Нарыққа, жобаға, тауарға/қызметке немесе медициналық ұйымға маркетингтік талдау жүргізу.
5.4	Инновациялық менеджмент. Денсаулық сақтау ұйымының қызметін әртараптандыру.	5	1	2		4	3	Денсаулық сақтау ұйымының қызметіне жаңа қызмет түрін енгізу жоспарын жасау.
5.5	Бизнес-жоспарлау және басқарушылық шешімдерді экономикалық негіздеу. Жаңа медициналық қызметтің бизнес-жоспары.	5	1	2		4	3	Қажеттілікті, ресурстарды, шығындарды және күтілетін нәтижелерді негіздей отырып, жоба немесе жаңа медициналық қызмет бойынша қысқаша бизнес-жоспар дайындау.

5.6	Денсаулық сақтау ұйымдарындағы корпоративтік басқару. Байқау кеңестері, корпоративтік мәдениет және корпоративтік хатшының қызметі.	5	1	2		4	3	Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінің жобасын және бір мәселе бойынша талдамалық материалдарды дайындау. Корпоративтік құжаттар топтамасын әзірлеу: байқау кеңесінің функцияларын анықтау; атқарушы органмен өзара іс-қимыл; отырыстарды ұйымдастыру; хаттамалар жүргізу; ақпаратты ашу; комплаенс; мүдделер қақтығысының алдын алу; корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалау.
6.	**6-модуль. Медициналық көмекті ұйымдастыру: сапа, қауіпсіздік және тиімділік.**		**6**	**12**		**24**	**18**	**2 кредит (60 сағат)**
6.1	Медициналық көмек сапасын басқарудың заманауи тұжырымдамалары мен модельдері.	6	1	2		4	3	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы және халықаралық тәжірибедегі сапа тұжырымдамаларының эволюциясын салыстыратын кесте жасау (TQM, CQI, Patient Safety, Value-Based Healthcare).
6.2	Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу, стандарттау және лицензиялау.	6	1	2		4	3	Аккредиттеуге дайындалу, операциялық процестерді стандарттау және медициналық қызметтің белгілі бір түрлерін лицензиялауға дайындалу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.
6.3	Клиникалық хаттамалар, стандартты операциялық рәсімдер (СОР), ішкі регламенттер және сапаны басқарудың электрондық жүйелері.	6	1	2		4	3	Медициналық ұйымның дәрігерлік, мейіргерлік және әкімшілік қызметіне арналған стандартты операциялық рәсімдердің (СОР) электрондық тізілімін әзірлеу.

6.4	Медициналық ұйымдағы сапа мен кәсіби тәуекелдерді басқару: ішкі сараптама, медициналық оқыс оқиғалар және медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру.	6	1	2		4	3	Сапаны бағалау және қамтамасыз ету құралдарының сипаттамалары көрсетілген кесте жасау.
6.5	Пациенттерді қолдау қызметі: өтініштерді басқару, пациентке бағдарлану және пациентті басты орынға қоятын тәсіл, медициналық ұйымға деген сенімді арттыру.	6	1	2		4	3	Медициналық ұйымның Пациенттерді қолдау қызметінің жұмысын талдап, өтініштерді басқару жүйесін жетілдіру, пациентке бағдарлануды, пациентті басты орынға қоятын тәсілді және пациенттердің ұйымға сенім деңгейін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.
6.6	Пациенттер мен персоналдың қауіпсіздігі. Медициналық оқыс оқиғаларды басқару және сапаны тәуекелге бағдарланған тәсілмен басқару.	6	1	2		4	3	Медициналық оқыс оқиғаларды есепке алу тізілімін және тәуекелдерді басқарудың заманауи құралдарын қолдану салаларымен бірге көрсететін кесте жасау (PDCA, RCA, FMEA, dashboard). Медициналық ұйымның төтенше және эпидемиологиялық жағдайларға дайындығын бағалау жөніндегі чек-парақ әзірлеу; инфекциялық қауіпсіздік, оқыс оқиғаларды басқару және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қамту.
	Барлығы:		**36**	**72**		**144**	**108**	
	Жалпы:		**360 сағат**					

Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау

Бақылау түрі	Қорытынды бағалаудағы үлесі (%)	Бағалау әдістері
Базалық*	0% (диагностический, без балльного вклада)	Денсаулық сақтау менеджментінің негіздері бойынша кіріс диагностикалық тест (20 MCQ сұрағы); нәтижесі бастапқы дайындық

		деңгейін анықтау үшін пайдаланылады және қорытынды бағаға енгізілмейді.
Ағымдағы	30%	Сұрақтарға жауап беру, ситуациялық есептерді шешу, аналитикалық және практикалық тапсырмаларды, студенттің өзіндік жұмысын (СӨЖ) орындау.
Межелік (қажет болған жағдайда)	30%	Алты модульдің әрқайсысы аяқталғаннан кейін тестілеу өткізіледі: модуль бойынша 20 MCQ сұрағы, әрбір дұрыс жауапқа 1 балл; алты нәтиженің орташа пайызы есептеледі.
Қорытынды (1-кезең / 2-кезең — қажет болған жағдайда)	40%	Білім беру бағдарламасын меңгерудің ішкі қорытынды бағасы: интеграцияланған басқарушылық жобаны қорғау (100 балдық рубрика: проблема мен деректерді талдау - 20 балл; шешімдерді негіздеу - 25 балл; жоспар, ресурстар және тәуекелдер - 25 балл; тиімділік көрсеткіштері - 15 балл; презентация және сұрақтарға жауап беру - 15 балл). Қорғауға жіберу шарты - міндетті тапсырмалардың орындалуы және барлық алты модульдік тестің әрқайсысынан кемінде 50% нәтиже алу. ҰТЕО-ның сыртқы тәуелсіз бағалауы (білім мен дағдыларды бағалау) белгіленген тәртіппен бөлек өткізіледі, оның нәтижелері білім беру бағдарламасын меңгерудің қорытынды бағасына енгізілмейді.
Барлығы:	100%	

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Білім беру бағдарламасын меңгерудің қорытынды нәтижесі (%) = 0,30 × АБ + 0,30 × АББ + 0,40 × ҚБ, мұнда: АБ – алты модуль бойынша ағымдағы тапсырмалар бағаларының орташа пайызы, АББ – алты модульдік тест нәтижелерінің орташа пайызы, ҚБ – қорытынды жобаны қорғау нәтижесі (пайызбен). Бастапқы диагностикалау нәтижесі есепке алынбайды. Оң нәтиже алу талаптары: қорытынды баға – кемінде 50%; әрбір модульдік тест нәтижесі – кемінде 50%; қорытынды жобаны қорғау нәтижесі – кемінде 50%; барлық міндетті тапсырмалар орындалуы тиіс. Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының (ҰТЕО) сыртқы бағалау нәтижесі қолданыстағы қағидаларға сәйкес бөлек есепке алынады.

Тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі*

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың цифрлық баламасы	Балдар (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	

C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі

1. Ахметов В.И., Камалиева М.А., Куракбаев К.К., Дюсенов Р.С., Бримжанова М.Д. Общественное здоровье и здравоохранение: учебник для вузов. – 1-е изд., - Алматы: Издательство, 2025. – 321 с. - ISBN 978-5-534-14539-7.
2. Бергванден Г., Питерсма П. Ключевые модели менеджмента. 77 моделей, которые должен знать каждый менеджер / перевод с английского В. Н. Егорова. - 6-е изд. - Москва: Лаб. знаний, 2019. – 391 с.
2. Горбашко Е.А. Управление качеством : учебник для вузов. — 4-е изд., перераб. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2023. — 397 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-14539-7.
3. Грибов В.Д. Основы экономики, менеджмента и маркетинга. Учебное пособие. – М.: КноРус, 2020. – 224 с.
4. Гуськов Ю.В. Основы менеджмента: учебник. – Москва: ИНФРА-М, 2019. – 263 с.
5. Дашкова И.А., Ткаченко И.В., Захарченко Н.С. Менеджмент. Методы принятия управленческих решений. – М.: Юрайт 2020. – 276 с.
6. Мардас А.Н., Гуляева О.А. Теория менеджмента: учебник для вузов.– 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2020. – 307 с.
7. Мескон, М.Х. Основы менеджмента: [перевод с английского] / М. Х. Мескон, М. Альберт, Ф. Хедоури. - 3-е изд. - Москва; Санкт-Петербург: Диалектика, 2019. - 665 с.: ил. - Предм. указ.: с. 665.
8. Савельева Н.А. и др. Маркетинг в здравоохранении: Учебник.– М.: Издательскоторговая корпорация «Дашков и К°», 2020. – 297 с.
9. Столяров С.А. Менеджмент в здравоохранении: учебник. - М.: Юрайт, 2019.– 764 с.

Қосымша

1. Антонец В.А., Бедный Б.И. Инновационный менеджмент: Учебник и практикум для СПО. – М.: Юрайт, 2018. – 304 с.
2. Дьяченко В.Г. Солохина Л.В., Дьяченко С.В. Управление качеством медицинской помощи: учеб. – Хабаровск, Изд-во ДВГМУ, 2013. – 696 с.
3. Князюк Н.Ф., Кицул И.С. Методология построения интегрированной системы менеджмента медицинских организаций. – М.: Менеджер здравоохранения, 2013. – 311 с.
4. Котлер Ф., Бергер Р., Бикхофф Н. Стратегический менеджмент по Котлеру. Лучшие приемы и методы. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2016. – 144 с.
5. Малахова Н.Г. Маркетинг в здравоохранении: учебное пособие. – М: Феникс, 2016. - 222 с
6. Носова С.С. Стратегический менеджмент: учебно-методическое пособие. — Москва: РУСАЙНС, 2017. – 180 с
7. Организационное поведение: учебник и практикум для академического бакалавриата / под ред. С.А. Баркова. – М.: Издательство Юрайт, 2015. – 453 с.
8. Портер М. Конкурентное преимущество. Как достичь высокого результата и обеспечить его устойчивость. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2018. – 716 с.
9. Рахыпбеков Т. К. Финансовый менеджмент в здравоохранении: учеб. пособие. - 3-е изд. , доп. - Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2012. - 312 с.
10. Травин В.В., Магура М.И., Курбатова М.Б., Управление человеческими ресурсами: сборник учебно-практических пособий, – М.: РАНХиГС, 2015. – 176 с.

Интернет-ресурстар

1. Маркетинг-менеджмент: учебник и практикум для вузов / под редакцией И.В. Липсица, О.К. Ойнер. – Москва: Издательство Юрайт, 2020. – 379 с. Режим доступа: https://ezproxy.ha.tpu.ru:2443/login?url=https://urait.ru/bcode/450381
2. Блинов А.О., Угрюмова Н.В. Теория менеджмента: учебник для бакалавров. – 2-е изд., стер. – Москва: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2020. – 298 с. Режим доступа: https://ezproxy.ha.tpu.ru:2443/login?url=https://znanium.com/catalog/product/1091530
3. Менеджмент: век XXI: сб. статей / под ред. О. С. Виханского, А. И. Наумова.–Москва: ИНФРА-М, 2019. – 352 с. Режим доступа: https://ezproxy.ha.tpu.ru:2443/login?url=https://znanium.com/catalog/product/982621
4. Дорофеев В.Д., Шмелева А.Н., Шестопал Н.Ю. Менеджмент: учебное пособие. – Москва: ИНФРА-М, 2019. – 328 с. + Доп. материалы [Электронный ресурс]. https://ezproxy.ha.tpu.ru:2443/login?url=https://znanium.com/catalog/product/103388 9
5. Радюкова Я.Ю., Беспалов М.В., Абдукаримов В.И. и др. Основы менеджмента: учебное пособие.– Москва: ИНФРА-М, 2018. – 297 с. + Доп. материалы [Электронный ресурс. Режим доступа: https://ezproxy.ha.tpu.ru:2443/login?url=https://znanium.com/catalog/product/927209
6. Петров А.Ю., Махароблидзе А.В. Soft skills современного менеджера: командообразование и лидерские навыки: учебное пособие.– Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2017.— 188 с. Soft skills современного менеджера: командообразование ...elar.urfu.ru › bitstream › 978-5-7996-2258-9_2017
7. Управление персоналом организации: Учебник / Кибанов А.Я., Баткаева И.А., Ивановская Л.В.; под ред. Кибанов А.Я. – 4-е изд., доп. и перераб. М.: НИЦ ИНФРА-М, 2016. - 695 с. ISBN 978-5-16003671-7 http://znanium.com/ bookread.php?book -636142
8. Кнышова Е. Н. Менеджмент: Учебное пособие. - М.: ИД ФОРУМ, НИЦ ИНФРА-М, 2015. - 304 с. Режим доступа: http://znanium.com/bookread2.php?book=543431 6 международных лекций о лидерстве - https://rb.ru/howto/leadership-talks/
9. Бельчик Т.А. Методы исследований в менеджменте: учебное пособие. – Кемерово: КемГУ, 2014.–308с. Режим доступа: https://ezproxy.ha.tpu.ru:2443/login?url=https://e.lanbook.com/book/61401
10. Королев В.И., Уваров В.В., Заикин А.Д. Современные технологии менеджмента: учебник / Под ред. проф. В. И. Королева. – Москва: Магистр: НИЦ Инфра-М, 2012. - 640 с. Режим доступа: https://ezproxy.ha.tpu.ru:2443/login?url=https://znanium.com/catalog/product/258352
11. Информационно-правовая система «Әділет». Режим доступа: https://adilet.zan.kz
12. Кодекс Республики Казахстан «О здоровья народа и системе здравоохранения. Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000360
13. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан . режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377
14. Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан. Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000350/350_1.htm

Білім беру ресурстарына қойылатын талаптар

1. Білім беру бағдарламасы (БӨҚ);
2. Кадрлық қамтамасыз етуге қойылатын біліктілік талаптары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы);
3. Клиникалық базаның болуы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығы);
4. Көрнекі құралдар: слайдтар, кестелер, суреттер, кескіндер, диаграммалар мен графиктер;
5. Оқу-әдістемелік құралдар: топтық жобаға арналған тапсырмалар, шағын топтарда жұмыс істеуге арналған сұрақтар, жеке тапсырмалар.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтар

1. Мультимедиялық қондырғы;
2. Динамиктер;
3. Ноутбук(тер);
4. Экран;
5. Флипчарт;
6. Маркерлер;
7. Тыңдаушыларға арналған цифрлық және/немесе қағаз тасымалдағыштардағы үлестірме материалдар.

Қолданылатын қысқартулар мен терминдер
МАЖ – медициналық ақпараттық жүйелер;
ААЖ – автоматтандырылған ақпараттық жүйелер;
НҚА – нормативтік-құқықтық актілер;
МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру.

Бақылау-өлшеу құралдарының спецификациясы

№	Тақырыптың/бөлімнің атауы (іске асыру жоспары бойынша)	Тапсырмалар саны	Тапсырмалар форматы (MCQ, кейс, практикалық тапсырма, OSCE-станция және т.б.)	Жалпы бағалаудағы салмағы (%)	ОН №
1	1-модуль. Заманауи денсаулық сақтау менеджменті. Цифрлық трансформация	20 тест сұрағы; 1 кешенді практикалық тапсырма (модуль тақырыптары негізінде).	Тестілеу; сұрақ-жауап; презентация; талдамалық жазба; кесте; практикалық талдамалық тапсырма	17%	1
2	2-модуль. Медициналық ұйымның стратегиялық дамуы	20 тест сұрағы; 1 кешенді практикалық тапсырма (модуль тақырыптары негізінде).	Тестілеу; кейс; SWOT/PESTEL талдауы; жобалық және талдамалық тапсырма	17%	2
3	3-модуль. Ұйымдық тиімділік және ресурстарды басқару	20 тест сұрағы; 1 кешенді практикалық тапсырма (модуль тақырыптары негізінде).	Тестілеу; кейс; эссе; талдамалық тапсырма; практикалық KPI матрицасы	17%	3
4	4-модуль. Экономика және қаржылық басқару	20 тест сұрағы; 1 кешенді практикалық тапсырма (модуль тақырыптары негізінде).	Тестілеу; есептік және талдамалық тапсырма; кесте; презентация	17%	4
5	5-модуль. Кәсіпкерлік. Маркетинг және корпоративтік басқару	20 тест сұрағы; 1 кешенді практикалық	Тестілеу; талдамалық тапсырма; жоба; бизнес-жоспар;	16%	5

		тапсырма (модуль тақырыптары негізінде).	корпоративтік құжаттар жиынтығы		
6	6-модуль. Медициналық көмекті ұйымдастыру: сапа, қауіпсіздік және тиімділік	20 тест сұрағы; 1 кешенді практикалық тапсырма (модуль тақырыптары негізінде).	Тестілеу; кейс; практикалық тапсырма; тізілім; тексеру парағы; талдамалық кесте	16%	6
MCQ сұрақтары; 6 кешенді практикалық тапсырма.					ОН 1–6
Барлығы:				***100%***	

Өту балы	Өту балын негіздеу тәртібі
50%	Әрбір межелік тест, жобаны қорытынды қорғау және жиынтық баға бойынша кемінде 50% жинау талап етіледі. Сонымен қатар әр модульдің міндетті практикалық тапсырмаларын орындау қажет: бұл білімді ғана емес, сонымен қатар 1–6 оқу нәтижелері бойынша өлшенетін іс-әрекеттерді көрсетуге мүмкіндік береді. 50% өту шегі қолданыстағы бағалау шкаласындағы оң D бағасына сәйкес келеді; жобалық және практикалық жұмыстар рубрикалар бойынша бағаланады. ҰТЕО-ның сыртқы бағалауы білім беру бағдарламасының қорытынды нәтижесінен бөлек жүргізіледі.

Бағалау тапсырмаларының банкі *(Білім беру бағдарламасынан бөлек жүргізіледі; тапсырмалар қорының болуы мен толықтығы сараптама барысында расталуға тиіс.)*